

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13 **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Мұзатар ӘЛІМБАЕВ

АБАЙДЫ ҚАЙТАЛАП ОҚЫГАНДА

Қазақтың қазіргі бір әдебиетшісі осыдан он бес-жыныр маңындағы жылдардың бүрін көзекті бір мақаласында Абайтану ғылыминың аяғына шықтық, ұлы ақынның үлкен мұрасын зерттеу осымен тамамдалды деген сияқты пікір айтты.

Меніңше, ешбір әдеби классик те, еліне тұлға болған ақыл-ой иелері де ешуакытта егжей-тегжей зерттеліп тынбайды. Дүниеге толқын-толқын боп келіп жататын дүйім ұрпақтар ондай ұлы тұлғаларынан өз керегін, – рухани тірегін іздейді, сол үшін зерттейді. Олардың кеменгерлігінің де, терендігінің де, адамгершілік асылдығының да ғажаптығы сонда – әр ұрпақ өзі іздегенін табады. Әйтпесе, ол ұлттық ақыл-оидың басындағы ұлы көсемі де атанбас еді. Өз дәуіріне ғана, немесе үш-төрт буынға ғана ілесе алуға әзер жарагандар классик те атанбас еді. Гәп осында. Ендеше, Шекспир, Байрон, Гете, Пушкин, Абайлар... әрбір жаңа ұрпақтың алдындағы көшбасшысы боп алға тарта береді!

Аударып Кітап-Дала көне бетін,
Жаяды жаңа бетін – кереметін.
Абайдың жырларындағы оқи берсөн,
Рахатқа жаңың балықып кенелетін.

Осы өлеңдегі сезім – менің өз басымнан жиі-жиі кешетін көңіл күйім. Содан да «Менің Қазақстаным» поэмасының басталуына негіз болған сезім. Рас, Абайдың кітабын параптаған сайын бір жаңалық ашасың. Апырым-ау, бұған дейін осыны неге білмегендін? – деп ішінден санындағы соғып жүресін.

Абай – телегей теніз.
Абай – тұңғиық мұхит. Жан-жүрек мұхиты.
Абай – түбіне көз түгілі, ой жетпес биік аспан, жеті қатарыш...
Абай – таусылмас уақыт.

Абай – сарқылмас бақыт...

Абай теңеулері, үқсатулары, метафоралары тұтқыл, тосын бола тұра, оқып шыққанда да, тыңдағанында да тосаңсытпайды. «Осы қалай?» дегізбейді. Бәрі де ретті, орынды, лайықты, өз орнында, жарасымды.

Картайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек,
Ақылыш – ашыған у, ойың кермек.

Ақылдан азап шеккен алып ақынның аһ ұруы бірден түсінікті, сен де оның өнебойын улаған дерт мөлшерін шамалағандай, өткен заман тұнғиығына үзіле түсесін. Ал ақылды ашыған уға алғаш теңеген Абай ғана болғанын аңдайсын да, аруағына бас иесін.

Осындаі көркемдік құралдарды қалай іздел тапсақ болар деп толғанастың...

Қайғы келсе қарсы түр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, онғаққа ерме,
Жүргегіңе сұнғі де, тубін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

Осындағы жүрек бейнесінің жанама метафоралануы қызғылықты. Абай «теңіз» не «мұхит» атауларын аудызга алмаса да, жүректі не нәрсеге тенеп отырғаны, неменеге балағаны ап-айқын. Бұны аңдатып отырған – «сұнғі» етістігі. Әрине, тереңге ғана, тұнғиыққа ғана сұнғуің мүмкін. Әрі «тұп» атауы да әлгі тереңдікке мегзейді.

Көк тұман – алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Меніңше, Абайдың осындағы «сәуле етіп» деп отырғаны – кәдімгі прожектор. Прожектор жарығын түсіріп, жырактағыны және қаранғылық қойнындағыны анықтап көруден ақын хабардар болғаны анғарылады. Өз заманының білімдары бола білмейінше ешбір ақын рухани асқарға биіктей алмасы аян. Абай аға да тұсындағы ғылым мен техника жетістіктерімен жіті таныс болған-ау!

Абай – өз әдеби мектебінің үлгісін қазақ даласында алғаш бастағандығымен ғана емес, сол сияқты әсем бастағандығымен де ғажап классик.

Абай «Айшықты сөзімді халық ұға алмай жүр-ау» деп іркілмейді.

Единица – жақсысы,
Ерген елі – өңкей ноль.

Қалың қөпшілігі әлі қара танымайтын халық «единица» (бірліктің) не екенін білмесе де, Абай өлеңге бейне етіп алады. Бүгін болмаса, ертең, іле ұғады деп сенгендіктен бейтаныс бейнеден безінбейді.

«Мамыр» деген ай аты тұрғанда, әрі ол атау ғасырлардан халықпен қатар жасасып келе жатса да, цивилизациялы елдердің тілдеріне ертеден сінген «Май» деген сөзді, айдың атын өлеңжырына қолданады.

Майдагы жүрттың іші – кар,
Бәйшепек қарға өнер ме?!

Абай аға поэзиясына жанасып кетсөн, өзіннің аңқаулығынды, әлі де таяздығынды сезінесің. Бүгін ғана бірінші рет оқып отырғандай ләззат аласың. Оқыған сайын жаңа бір Америка ашасын.

Абай ақындығындағы телегей де терен мазмұнды ғажайып түрге бөленіп бейнеленгенін профессор Құдайберген Жұбанов өте-мәте жіті әрі дәл анғарғандығы бізді бүгін де сүйіндіреді. «Абай – ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да – сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, үйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады». Көреген көздің көркемдікті айна-қатесіз тануы, сонау отызыншы жылдар басындағы ой толғаныстар осы бүтін, қазір жазылғандай.

Біз бүгінгі тілші ғалымдарымыздан да осындай әдебиетшілік дарын алғырлығын күтеміз...

Ұлы классик ақын өнерпаздығындағы өзіндіктерді аскан ізденімпаздықпен атап көрсеткен ғалымдарымыздың алдыңғы саптағысының бірі – Айқын Нұрқатов. «Оның қаламынан шыққан сөздер сурет бол көрініп, үн бол естіліп жүре береді», – деп сүйсінеді Айқын Абай ақындығына.

Ақындық лабораториясының ішіне еркін кіріп, Абай гаяхарларын халыққа әр қырынан таныта, міне, көріндерші деп, көз алдымызға жарқыратса тосып тұргандай болады.

Айқынның зерттегіштігі – детальдан дәлелдеуге құрылады. Мен тап осы орайда зерделі зерттеуші Айқыннан артық айта алмайтындықтан автордың Абайдың бір өлеңіндегі бір шумақты қалай шебер талдағанын келтірмекпін:

«...жаңа бейнелер, жаңа суреттер Абай поэзиясында тіпті мол. Бірақ солар зәредей жалғанышылық, жасандылық сездірмейді. «Дұтбайға» деген өлеңде мынаңдай бір шумақ бар:

Мұңды, жылмаң пішінің
Кезек киіп,
Ел жиыш,
Болыс болса түсінің
Тұксігін салар тырсыны.

Әдетте күмді киеді. Ал Абай кейіпкеріне пішінді кигізеді және қайта-қайта ауыстырып кигізеді. Аяр, құбыл, арам адамның, екі жүзді адамның қылышын, шындығы мен сүмдығын осы тәсіл арқылы керемет айқын жеткізіп берген. Оның кейіпкерінде тұрақтылық, дәлірек айтқанда, баяндылық пен адалдық жок. Ол не бір зұлматтыққа киім ауыстырып кигендей, оп-оңай қиналмай-ақ барады. Мұнда ақын портреттік сипаттау мен психологиялық сипаттауды өте шебер ұластирыған».

Тұындының көркемдік болмысын түсініп талдаудың бір үлгісі осындай. Біздің қазіргі жас әдебиетшілеріміз анық анализге осылай баруы керек! Осылай терендей бойлай білуі керек.

Үәжіз, өрнекіз, жайдақ мақтау, құр беталды қолпаشتау сыншыға да, шығарма иесіне де абырой әпермейді. Керісінше,

әлгіндей жалған мадақ, жадағай көтермелеу оқырман көпшілікті беziндіреді.

Жылымшы мактаған жиіркендіріп тынады.

...Жаңағы өлеңге байланысты Айқын пайымдауына қосалқы айтарымыз: мұнда – үшінші және төртінші жолда тағы да бір поэтикалық жаңалық бар. Әрине, Абайға дейін «түсінің түксігі» деген тіркесті қазақ баласының құлағы шалмағаны ақықат. Қысқа күнде қырық құбылған айнығыш аярдың өкім болып алғаннан кейінгі сұрқиялылығын сыйданып, қарамағындағыларды бидайдай қуырып, басынан таяқ айырмайтынын Абай «тырсиып» деген метафорамен де аңдатады.

Енді бір сөз осы шумақтың жазбаша таңбалануы жайында. Біздіңші, екінші тармақ та, үшінші жол да жоғарыда біз жазғандай сатыланып, бөлінуі дұрыс сияқты. Өлеңнің мазмұн-мағынасы соны тілейді.

Орнын тапқанда ғана сөз өрнекті. Бірден бір орнын ғана тауып, үлкен мән-мағына көтеріп тұрса, қымбат сезімді бойына сіңірсе, сөйтіп оқырман ойына әсер-ықпал жасаса...

Кар әппак, бүркіт қара, тұлкі қызыл,
Үқсайды қаса сұлу шомылғанға.

Осындағы бір сөзді де орнынан қозғай алмайсын, басқа бір сөзбен ауыстыра алмайсын. Ол-ол ма, орындарын алмастыра алмайсын. Өйтсөн, балталағанмен бірдей боласың – быт-шытын шығарып, бұлдіресін. Бірінші жолдағы эпитеттерді зат есімдердің алдына көшіріп көрелікші көне:

Әппак қар, қара бүркіт, қызыл тұлкі,
Үқсайды қаса сұлу шомылғанға.

Осы қалпында бірінші тармақ құр ғана, әншейін ғана тізбектеу боп шығар еді, екінші жолмен мағына тұрғысынан ешбір жанаспай, байланысы үзіліп, екі жол ортасына терең шатқал пайда болар еді. Абайдың өзіндегідей, өзі тілегеніндей эпитеттердің инверсияда тұруы үш обьектінің біріне-бірі қарамақайшы екенін шенdestіре анықтап, бадырайта көрсетеді: қар

аппақ болса, қарлы дала аспанындағы қыран құс қара. Әппақ қар, қап-қара бүркіт бірін-бірі аша түсіп, қанық бояуларды қалайда қадағалап қарал ал дегендей, үнсіз үн қатып тұрғаны аз болғандай, үшінші бояу әппақ қар үстіндегі аласұрып жатқан қызыл түлкі оттай боп жанып, көздің жауын алады. Бір-біріне түр-түсі ұқсамайтын үш объектінің – бір жансыз бен екі жандының тоғысуы аскан сұлудың оңашада шешініп тастап, қолаң шашын жайып жіберіп, емін-еркін шомылғанына ұқсап кетеді. Оқырман көnlіл, оқырман зердесі енді үш объектінің тұтасып бір-ақ көрініске айналған динамикалы қимылдана ауады. Өлең оқырманды інқәрландыра түседі, елтіте түседі. Профессор Қажым Жұмалиевтің жіті бақылағанында, поэтикалық тілдің үш тәсілі – үш түрі – эпитет, инверсия, шендерестіруді тоғыстыра қолдануы арқылы Абай өзіне дейін ешбір қазақ баласының, ешбір ақынның қолынан келмеген көркем көрініс – аңшылық қызығын есем етіп, тамсандыра суреттейді, бізге эстетикалық ләzzат сыйлайды.

«Қуанбандаңдар жастыққа» деп басталатын өлеңнің екі жолына үңіліп көрелікші:

Сыпайы жур де, шаруа ойла,
Даңғойланыш қаптықла.

«Абай тілі сөздігі» автордың «қаптықпа» деген етістігін «бет алды ұрыну, соқтығу», деп түсіндіреді. Осы анықтама шұба тудырады. Абай соқтығу мағынасында алса, оны «қаптығу» демей-ақ оп-онай ері өзі дайын тұрған «қақтықпаны» – бұйрық райындағы етістікті ала салмас па еді? Біздінше, бұндағы «қақтықпа», «Қап!» деме деген мағынада айтылған. Яғни «қап ұрма?»

Абайдың ақындықтағы әр адымы оқырман үшін, әсіресе замандастары үшін тосын, оқыс. Өзіне дейін олай айтылмаған сөз қалыптарын жасайды, қолданады.

«Ескендір» дастанында Абайдың:

Жазасыз жақын елдің берін шапты,
Дарияның суындаі қандар акты, –

дегені бар.

«Қан» зат есімін көпше қолдану, әрине, Абайға шейінгі уақытта жоқ болар. Қызыл қырғынның қисапсыздығын аңдату үшін ақын ұтымды көпше турді тілге тиек еткен.

Ыстықтан, сұықтан
Бойынды бір көңіл.
Дүниені ұмытқан
Кұмарың тозар, біл.

Өлең шумағының екінші қанаты – соңғы екі жолы ұғынықты. Ал алғашқы екі тармақ осы қалпында құнгірт, бұлдыр, тиянақты ойды білдірмейді. Көңіл сенің бойынды не қүйге түсіреді? Ыстық пен сұықтың бұл тұстағы әсер-ықпалы неде? Қала берді осы сөйлем аяқталмай тұр. Біздіңше, Абайдың өз нұсқасы:

«Ысытқан, сұытқан
Бойынды бір көңіл»

емес пе екен? Сонда ой тұжырымдалады, тиянақталады, логикаға келеді. Көңіл күйің бойынды ысытады да, сұытады да. Бұлай дейтініміз, Абайдың алғашқы кітабын терушілер «т» дыбысы мен «Ы» дыбыстарының орнын оп-оңай алмастырып алуы ықтимал. «Сұықтан» мен «сұытқан» саздылығы да өте-мөте ұқсас.

Сыпыра батыр,
Пәле шакыр.
Болдың ақыр тап-такыр.

Қызыл көз, қылыш құйрық пәлеқорлардың батырсынуынан ештеңе өнбесін Абай осылай түйеді.

Осы жеті сөзге тым құрыса бір сөзді сыналап кіргізіп көріңіші. Ол мүмкін емес. «Қионына қыл батпайтын» дейтін тапқырлық осы!

Тімді деген сөз байламының ешқандайынан Абай бойды аулаққа салмайды. Мысалы, орайлы жерінде етістіктің осы шағындағы «өсуде» сияқты түрін қолданған авторға қазір қырындау қарайтынымыз бар. Ал Абай сонау заманының өзінде аузызекі тілде де сирек ұшырасар етістік түрін іркілмей-ақ кәдеге асырады:

Уайым жеуліміз,
«А, Құдай!» деуліміз.

(«Әбдірахман науқастанып жатқанда» атты өлеңінде). Ебі жоқ ақын «Уайым жеп жүрміз» дер ме еді, қайтер еді? Ал мынау «уайым жеуліміз» формасынан қасіреттің қашаннан бері созылып келе жатқан ұзак процесс екенін анғару да онай. Етістіктің осы түріне аударма жасағанмызыда да, бәлкім, мұқтаж бол қалармыз...

Өнерде барды қайталаудың бірқадар таптырмайтыны аян болған соң да, Абай баяғыдан барға жоламай, белгілі тіркестің өзін өзінше өрнектеуге әркез бой ұрғыш. «Ежелгі дүние» деген тіркес бар бола тұрып, Абай аға «Талайғы көрі дүниенің бір кетігін ұстап бақ» деп те батыл алады.

Байырғы қара өлең үш бунаққа бөлініп, тақ-тақ дауыс ыргағымен оқылар еді, айтылар еді... Ал Абай қара өлеңдегі бунақтың өзін интонация үшін қолдан сындырып үзеді. Аударма өлеңде емес, төл туындысының өзінде де сөйтеді. Қазіргі ақындарымыздың кейбірі он бір буын өлеңді онды-солды, ешбір негізсіз-ақ, жөн-жосықсыз үзіп-жұлып жүрсе, Абай со заманда-ақ мағына талабынан шығады.

Тұла бой тонар,
Суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртөнегер, күйіп-жанып.

(«Фашықтық, құмарлықпен – ол екі жол»). Ортадағы бунақ ортасынан қақ бөлінген. Дәлелді, орынды! Әрі бұл тармақты, міне, сатылап екіге бөлуге әбден болады да!

Сендер сүрлің, мен де өмір сүрмес пе едім,
Бір шырақ сөнер,
Кетер саулап тұрган.

Бұл да әлгіндей үзілген бунақ. Бұл ыргакты бұзы емес, интонация үшін үзу. «Әзім әңгімесі» дастанында:

Сәлемін алды,
Шал да амандасты, –
деген жол бар...

«Әбдірахман өліміне» деген өлеңінде «Құйрықты жұлдызы» секілді туды да көп түрмады», деген екі тармақ барын жүрттых ғарылғандағы метеор. Абайға дейін де метеорды қазақтар осылай атады ма екен, (эй, қайдам?), әлде ақын тапқан термин бе екен? Қалай дегенде де қазақ поэзиясында ғылыми ұғымдарды, ғылыми терминдерді тұңғыш енгізуші де, қолданушы да – Абай! «Көніл құсы күйқылжыр шар тарарапқа» деп басталатын өлеңдегі «Салған ән – көленекесі сол көңілдін» дейтін жолдағы «көленеке» – орысша айтсақ «отражение». Бұғаңті қазақ тілі жеткен биіктерден шолсақ «сәүлеленуі». Немесе «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген өлеңдегі «Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас» та сондай. Тегі, бұндай салыстыруды Абайға дейін аузына алған қазақ ақыны табыла қояр ма екен?

Абай жеке сөздің өзін де ықшамдауға епті-ақ. Бұл – өзіндік бір жүйе. Қазақ атаулы, әрине жаппай дерлік «Баласын еркелетті», деп, «еркелету» түрінде қолданады. Ал Абай болса, әлті етістіктің бір буынын ықшамдап, «Еркей-тіп» деген көсемшеші қолданады Мәселен, «Әбдірахманға» деген («Орынсызды айтпаған» деп басталатын) өлеңінде «Бауырларын еркейтіп, не сұраса қақпаған», – дейді. Ал сінді бір орайда сөзді «созады», бір буынды қолдан қосып та жібереді. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» («Адамның кейбір кездері»). Халық айтуында, әлбетте, «еркелеп» болар еді гой. Абай наздану, емін-еркін болу мағынасында алып отыр. «Көкбайға» дейтін өзіл өлеңінде «Әсемсіп, сәнсіп, Білгенсіп, бәлсіп» деп те кетеді.

«Бәлсіптің» толығы – әлбетте, «бәлсіну» яғни «бұлдану». Тұбірі сақталғандықтан әмбе қазаққа онсыз да түсінікті.

«Ескендір» дастанында «долылық» деген сөзді бір буынын ықшамдап, «долдықпен» деп те алыпты.

Көркем аударма, поэтикалық аударма патшалығында да Абай – әзірге жалғыз-дара әмірші, жеке патша. (Әрине, қазақ поэзиясын айтамыз!)

Опять явилось вдохновенье
Душе безжизненной моей:
И превращает в песнепенье
Тоску, развалину страстей.

Бұл Лермонтовтың «Измаил – Бей» поэмасы кіріспесінен.
Кәне, бүтінгі тәржімашылар мәнерімен жолма-жол қазақшалап
көрейікші.

Шабыт келді тағы да
Тірліксіз менің жанымға:
Айналдырыды ән-жырга
Құптарлықтың ойраны – сағынышымды.

Бұл бір жөнге келетін, мағынаны әжептәуір түгелдей андатар аударма. Ал енді Абай аудармасына зер салсақ «Көнілдің күйі тағы да өмірсіз жанның алды ішін: Аударды өлең жағына Нәспінің сынған қайғысын». Осындағы бір емес, бірнеше тапқырлыққа, үлкен ұстагерлікке тамсана, қызыға караймыз.

Біріншіден, «вдохновениені» көнілдің күйі деп алуы орынды. (бұны Т. Әлімқұлов та «Жұмбақ жан» атты кітабында дұрыс аңдаган). Екіншіден, «явилось» деген етістікті Абайдың алмастыруы әрі тыңдан метафора жасауы тосын: «жанның алды ішін», «Келді, оралды» демейді. Әрі жан дүниеме келді демейді. Бірінші жақтағы тәуелді жалғауды тастап кеткенімен әңгіме бірінші жақта айтылып тұрғаны онсыз да анғарылады. «Жанның ішін алды» деуде де құбылыстың, яғни шабыттың шалқымалылығы жатыр, өктемдігі бар. Ерікке қоймас еркіндігі анғарылады. Біздің замандастарымыз ішінен Абайдың аудармашылық өнеріне үңіле, өнегелі тәлімді мол ала білген Фали Орманов еді. Ол содан да А. Пушкиннің Анна Кернге арнаған «Я помню чудное мгновение» дейтін әйгілі жыры, әсем ән бол тараған өлеңін қазақшаға аударғанда «Сердце бьется в упоенье» деген жолын «Жүректің ішін нұр алды» деп Абай үлгісін бүтіндей қайталайды, көдеге асырады, сәтті қолданады.

Үшіншіден, превращает, әлбette, айналдырады. Ал Абай ол етістікті тағы да ауыстырады. Неге? Абай дәл аудармасы «айналдырады» екенін білмейді емес. Біледі. Айналдырады немесе айнал-

дырды төрт-бес буынды сөздер. Сегіз буынды өлеңге оңай сый қоймайды. Кала берді, қазақ атаң пәленді түгенге айналдырды деудің орнына аударды деп те ауыстырады. Абай ақындық айналымға алмайтын жұпның жүдеу сөздің өзін де (мәселен, «жақ» – өлең жағына) ғимаратқа кірпіш қып қалап жіберді.

Төртіншіден, төртінші жолдың конструкциясын қилюлас-тируы ересен. «Страсть» – дегенді құмарлық, іңкәрлік, құштарлық деп алмай, «нәспі» деп алып, жанды тірлікке жақындастып отыр. Развалина – ойраны шыққан дүниес болса, оны «сынған» деген есімшемен алмастырды. Тосканы – «сағыныш» демей, «қайғы» деп қолданды. Бәрібір дау айта алмайсыз.

Аудармашылардың қолын байлап, ұятқа қалдырып жүрген жэйт – сырттайғы қалыпты сақтаймын деп ішкі өрнектіліктен ұтылу. Абай оған бармайды.

Құп білемін, сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүрегің енді ұнатпас
Мезгілі жоқ қай медеу?

Осы шумақта оқырман назарын бірден өзіне тартатын тіркес – «Ескі жара білтелеу». Бұның мағынасы не? Ақын иені көздел, ишара еткен? «Абай тілі сөздігі» бұған екі-ақ сөзben жауап беріпті: «Үйреншікті, дағдылығы». Бас шұлғып, «бәрекелді» – дегізер уәж емес. Меніңше, осы фразеологиялық түйдекке академик I. Конесбаев езінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» берген түсініктемесі дұрыстыққа саяды: «Бұрынғы жағымсыз істі кайта еске салды, өткен-кеткенді кайта қозғады». Және бір айта кететін жэйт: Абай шығармаларының пунктуациясына кітап құрастырушылар да, баспагерлер де өте сақ қарағаны абыз. Әлгі шумақтағы тыныс белгілері Абайдың 1945 жылы жарық көрген бір томдығында алғашқы жол екі үтірмен бөлінген. «Хұп білемін, сізге жақпас, Ескі жара білтелеу». Біздінше, осында жаңсақтық бар. «Сізге жақпастан» кейін үтір қойылуы кате. Өйткені әлгі (екінші) үтір тұрған жағдайда «ескі жара білтелеу» жай бір қыстырма сез сияқты оқшау қалады да, мағынасы ашылмайды,

шын мәнісінде бұл мынандай сөйлем емес пе, әрине қара сөзге көшіргенде: «Ескі жараны білтелеудің сізге жақпайтынын мен бек жақсы білемін» ... Ендеше, «Сізге жақпастан» соң үтір қою көңілге қонбайды.

Жалпы Абай текстеріндегі тыныс белгілері хақында ойласар тұстар аз емес. Жаңағы өлеңнің яғни «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» атты туындының екінші шумағын баспагерлер «Ықтиярсыз мұнды сезім Кетті ыршып жолына. Мазағына бердім өзім, Өз басымды қолына», – деп басыпты. Бұнда да яғни үшінші жол соңындағы үтір артық. Неге десеніз, бұның қара сөзге көшірген-дегі қалыбы: «Өз басымды мазағына яғни қолына өзім бердім». Мына яғниді үтір айырбастай алмайды. Біздінше, «мазағынадан» кейін сызықша қойылуы шарт.

– Абай өлеңдері әнге лайықталған, қазактың байырғы ән-өлеңіне үйлес-үндес жазылған. Дауыстап оқитын өлеңдерді кейінгілер тудырды, – деп дастархан басында емес, түп-тура көптің алдында, реңми жиналыста пікір айтқан замандасты да көрдік. Бұл – жаңсақ пікір. Зерттеушілердің анықтауынша он жеті түр тапқан, ырғақтық, шумақтық жанаңықтарды поэзиямызға топырлата қосқан Абай сонда қайда қалады. Абай өзі ән шығарып, жырларын соларға лайықтап, сөзін сазға, сазын сөзге орайластырып қана қойған жоқ, сонымен қатар интонациялық жырдың бастауының көзін өз қолымен ашты дей аламыз.

Ғашықтық келсе,
Женер бойынды альш,
Жүдетең безгек ауру сыйылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

Осы шумақтағы бірінші және үшінші жолдарды жоғарыдағыдай сатылап жазған дұрыс. Абай кітаптарында қара өлең қалыбымен бір-ақ жолға жазып жүр. Бұл өлеңді түсінуге жәрдемін тигізер үрдіс болмас. Ал енді келте буынды жырлардағы жолдарға да интонациялық паузалар берген ұлы ақын тәжірибесі өз заманы үшін тұтқыыл, тосын-ақ:

Кылдың арам ойыңды,
Бір бұрмадың мойныңды.
Сен ақылмен көнілінді
Тыйып,
Жендің бойыңды.

Төртінші жолға пауза әбден қажет.
«Онегиннің Татьянаға жазған хатындағы»:

Өлі бойға жан жүтірді,
Кайратым құрып болды,
Нан,
Мұз жүргеім май сықылды
Еріп,
от боп қүйді жан.

Осындағы екінші жолды да, төртінші жолды да сатылап жазбаса, мағынаны, әсіресе жас оқырмандардың бірден айыра алмасы хақ.

Келтіре берсек, мұндай мысалдар некен-саяқ емес, сирек емес.

Абай – әнмен айтылатын өлеңдерді ғана емес, көзben оқылатын, дауыстап оқылатын жырларды да қазақ топырағында тұнғыш тудырган классик.

Озге ойдан тиылым,
Бірі мен бірі әуре,
Жүрекке құйылып
Жан рақат бір сәулө...

Мен соңғы екі жолға қараймын да, қызықтаймын. Біріншіден, сейлем аяқталмай қалған, бұл құрмалас сейлемнің бағыныңқысы ғана. Бирақ сол қалпының өзінде де оқырманға да, тындаушыға да ұғынықты. Хош. Енді бір назар саларлық тіркес «Жан рахат». Осының толығы да әрі дұрысы да «Жанға рахат» болуға керек. Алайда Абай өз өлеңнің ыргағына қарай иштеп әкеп, бір буынды колдан қыскартып, ықшамдал отыр. Сонда да ұғынықты.

Атымды адам қойган соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып, оңайын?

Бір тұгіл, төрт етістік үйқас төрт жол өлеңде. Орнын тапса,
өңшең етістік үйқас та жайнап кетеді.

Қалауын тапса, сыңғырлап тұрған құрамды толымды жеті
буынды үйқасқа да халық құлақ аспайды? Гәп осында.

Өнер құбылысын, өнерпаз тірлігі мен тынысын өлеңде
бейнелеуден қын не бар? Дыбыс әлемін, ән-қүй, саз құбылысын
суреттеу ше? Абай бұл тақырыпты сөз айнасына түсіруде де барша
қазақтың басында, көштің алдында тұр. «Қөніл құзы құйқылжыр
шартарапқа». Әйгілі әрі программалы өлең.

Шырқап, қалқып, сорғалаң, тамыржиды,
Жүрек тербел, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты – бәрі сонда.
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ерине, осы өлеңді оқып шыққан немесе тыңдаған адам бірден
көніл аударап әдеттегіден тыс алабөтен тіркеске елең етеді. Ол –
«ойсыз құлақ» деген тіркес. Құлқы соқпайтын, енжар, бейжай,
салғырт, бойкүйез адамды бейнелеген тіркес.

Абай алғаш жазғанға дейін ата топырақта ұшыраспаған сөз
байламы...

Ақылдының сөзіндегі ойлы күйді
Тыңдағанда көңілдің әсері бар.

Жаңа, жоғарыда келтірілгендей, адам мүшесі – құлақтың
ойлы болуы тиістігі – заңды құбылыс. Ал енді бірден қараганда,
сырттай қараганда, дерексіз ұғым «күйдің» ойлы болуы қалай
өзі?» – деп қалардайсын. Жоқ, Абай ақын ондай құдігінізге,
дудамалыңызға орын қалдырмайды. Жүрші-жүршілеп, өзінді
қолыннан жетелеп, біртіндең ұғындырып жүргендей. «Ойлы
күй» қандай болды деп, сауал қояр болсан, жанағы жаңа эпитеттік

жана теңеумен үстемелеп, ақын өз өлеңін жайнатып, жарқыратып жібереді. Яғни ол күй ақылдының сөзіндей ойлы екен. Енді сенесің, сенесің де ұйисың. Зердең токисың, жатқа оқисың. Ойлы күйлер, әсем әндер тындағанда, немесе мәнсіз күйлер, әрсіз әндер құлағынның етін жегенде Абай ағаның көркем өнер турасындағы көреметтей кредосын есіне алып, тағы да сүйсінесің.

Күнгірт көнілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуақ.

Жалғаннның жапасын шегіп жаны жабыққан, жалғызырап торыққан жаннның кейпін сұрғылт тартқан бейуақ пен күнгірт көніл қосарлана келіп қандай шебер елестетеді. Ал «күнгірт көніл» әпиттіне келсек, бұз да – жана. Абай замандастары үшін құлаққа тосын. Бұрынғы дегенде бағзы заманнан бері «Ашық көніл», «ақкөніл» сияқтыларға қарама-қарсы «күнгірт көнілдің» табылуы да бір себептен орынды, бұлай айтуды конымсыз деп, ешкім де қомсынбайды, еш ақын ерсі дей алмайды. Қала берді «көнілдің сырласуы» сияқты жанға метафораның қуаты қазақтың қанша ақынының қаламын шындауға себі тигенін немен өлшей аламыз?..

Ет жүрексіз ерніңің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін... –

Абайдың поэтикалық тілі күрделі, қыннан қысықсан. Әлгі екі жолдың екіншісін қайта оқылықшы:

Тіл үйренген нәпсінің қу мінезі.

Нәпсінің мінезі жай мінез емес, қу, яғни, алдамшы, алаяқ арамы мінез, біреулерді орга жығушы алапат әрекет, қара ниетті құлық. Қу мінездің өзі аздай тіл үйренген, ал тілімен адамды арбайтын сөйлеуік, заржақ, айтқыш. Осындаи күрделілігіне қарамастан, оқырман ойын шиырға итермелеп, қинамайды – түсінікті, содан да толғандырғыш.

Аңғарымпаздығы, байқаыштығы, шалғыштығына келсек, Абай бұнда да қайран қалдырады, алабөтен жітілік танытады.

Күнделікті үйреншіктіден өзгеше құбылысқа кім де болсын көңіл көзін аударуы қынға соқпайды. Оған өрелі ойдың да қажеті жоқ сиякты. Ал енді бойымыз үйреніп, етіміз өліп біткен нәрселерден ел елең етіп тындардай ерекшелік анғарту, жаңалық табу ақынның ғана, онда да ақынның ақынның қолынан келеді-ақ. Абайға дейін де қазақ даласында бақсылар болған, бақсылар да фәниден бақыға көшкен, оларды да артындағылар өз қолынан көмген, кара жер қойына берген. Әрине, онаша молаға, ортақ зираттан оқшаша жерге жерлеген. Бұл барша қазаққа белгілі әдет, үрдіс. Бірақ осындағы қарапайым фактіден үлкен түйіндеу жасап, поэтикалық бейне сомдау – тың теңеу тудыру ше? Сол теңеу арқылы жалғыздықтан жаны езіліп, жапа шеккен күрескердің көңіл күйін қолына ұстаратқандай етіп, айнаға түсірсе ше? Әйгілі «Сегіз аяқта» шиыршық атып тебірленген Абай өлеңін түйіндер тұста:

Моласындағы бақсының
Жалғыз қалдым тап шыным, –

демей ме?

Осыдан-ақ мыңмен жалғыз алысқан мықты жанның арманшерін де, мұн-зарын да түтел сезінгендей боласың.

Жаңашыл Абай кейде, сөз байлауға келгенде тізеге салып, зорлық жасап та жіберетін сияқтанады. Бірақ та бұл сырт қарағандағана. Бойлап сұнгіп, байыбына барсан, есте де олай емес. Мәселен «Масғұт» дастанындағы:

Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе, тұрмас едім осы манда.

Өлген моласы несі? Мола өле ме? Мола – өзі өлілердің мекені емес пе?

Жоқ, сөйтсек, Абайдың айтып отырғаны – «өлгендердің моласы». Батыл қалам екі сөздің басын ықшамдай түйістіріп, тың тіркес жасаған.

Туған тіліміздің ішкі мүмкіншіліктері – икемділігі, құбылмалылығы, т. б. орасан зор. Абай тәжірибесі солай дейді.

Естерінізде бар «Онегиннің сипатында» Абай:

Женуге, қор қылуга тағы да ұста,
Өзіне күндең шықса жол таласқан, –

демей ме? Толығы, әрине «жолға таласқан» емес пе? Бірақ Абай қашанда ықшамдау, үнемдеу жағында. Осыған ұқсас тағы да бір мысал: «Көрмеген көп дүние көл көрінді, кірлемеген көңілдің ашығында». Тіркестің дұрысы да, толығы да «Көлдей көрінді» шығар. Абай тағы да бір буынды қырқып тастанады, бірақ ойға нұқсан келтірген жоқ...

Абай сөз санын мейлінше қыскартып, оның есесінде ойды салмақтандыруға ынтық, Әрі құдіретті.

Жалпы қазақ әдебиетінде эпистолярлық жанрды да алғаш бастаушы – Абай. «Жігіт сөзі» аталатын әмбеге ән ретінде танылып, кең таралған «Айттым сәлем, Қаламқас» немесе «Қыз сөзі» деп аталатын «Қыстырып мақтайсыз» деп басталатын (бұ да ән боп тараған) екі өлеңнің хат түрінде жазылу мәденисті қандай биік!

«Жігіт сөзі» басынан аяғына дейін монолог болса, «Қыз сөзінде» бір кілтипан – кәдік бар сияқты. Ол өлеңдегі «Салмағыннан жанышылып қалсын құмар бір қанып» деп бойжеткеннің ынтықтығымен аяқталған жерде, қосымша он екі жолдың тіркелуі ешбір ақындық тәсілмен ақталып тұрған жоқ сияқты. Абай жекедербес хат түрінде, әрі қыз аузынан айтылған ғашықтық сөзге комментарий бермесе керек еді. Ал әлгі «Мұны жаздым ойланып, ойда бардан толғанып» деп басталатын қосалқы жолдар басқа бір орайда, әрі басқа бір өлеңнің соңы сияқты.

Әдебиетшілеріміз алдағы уақытта анықтар мәселе.

Сығымдалп-сығымдалп, санаулы сөзben ғана сейле. Абай әман осылай деп жар шашып тұрғандай. Онысын айғайлап та айтпайды, тұпа-тура мәндайдан соққандай тікелей де ескертпейді. Жанама түрде, үнсіз білдіреді.

Яғни өз творчествосының үлгі-өнегесімен үйретеді.

Жау қожандап, бұрттайш,
Дос құбылып, әуре етер.

Кімі тентек, кімде айыш,
Тексере алмай өмір өтер.

Осындағы үшінші және төртінші жолдың толық нұсқасы «Кімнің тентек екенін, айыптың кімде екенін тексере алмай, өмір өтер» емес пе?

Осы өлеңде автор «Жақсылығың күнде ұмыт» дейді. Етістікісіз сөйлем, онсыз да ұғынықты. Шеберліктің тылсымдарын өлі шеше алмай біз журміз міне...

Өнегесіз өнер жоқ, өнердің өсуі жоқ. Абай осы ойды оқырмандарға, жалпақ қауымға қатты ескертеді. Алғы буыннан жас буын гибрат алсын дейді. «Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, биде тақпақ, мақал бар, байқап қара». «Сөздің мәйегіндей сөлді мақал-мәтелдерді сарапал ал» деп отыр Абай.

Өзі де өлеңдерінде, қазақ сөздерінде халық даналықтарын пайдаланған Абай мақал-мәтелдің халықтық қалыбын сақтап, бүтіндей-бітеу күйінде өз сөзіне кірістіреді: «Жамандар қыла алмай жүр адап еңбек, ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, «Мың күн сынбас, бір күн сынар шөлмек». Енді бірде Абай өлең өлшеміне сәйкес сыйғызы үшін мақалды бұтарлап енгізеді: «Бір тойған – шала байлық» деген казақ, ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей». Бұл ежелгі «Кедейдің бір тойғаны – шала байығаны» деген мақалды ықшамдау ұлгісі немесе «Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек», – деп те алады... «Қара қылды қақ жарғаның» перифразы.

Біреулер айтқандай жалпы мақал-мәтелден безінген емес Абай. «Ескі бише отырман бос мақалдап» – десе, өлі қалыппен өнерсіз сөйлеуді, өнегесіз сөйлеуді, бос уағызшылдыққа салынуды шенегені!

Абай басылымдарына түсініктеме, комментарий берілуінде кемшілік-кенжеліктер жоқ емес. Бүгін жас буын түсінбейтін салт-сана көріністері, бұрынғы этика мен мораль, заң талаптары, т. б. Абайда көп. Соларға түсініктеме қажет-ақ. Бүгінгі жиырма жасарлар түгілі, біздің із-өкшемізді басушы толқын өкілдері де мәселен:

Алты жақсы, жүз жылқы болған басы,
Бір семіз ат болады оның құны, –

дегенді байыбына барып, тәптіштеп түсіндіріп бере алмайды. Мұның мәнісі не? Ежелгі әдет заны бойынша өлтірлген азамат үшін кінәлі жақ құн төлеген. Ердің құны – «алты жақсы, жүз жылқы» яғни алты түйе мен жүз жылқы. Қадірі түскен адам акыр аяғында бір семіз аттық құнға әзер ие болады деп отыр Абай. Осы фразеологиялық тіркеске «Абай тілінің сөздігі» де түсініктеме бермей, тіркеп қана өте шығыпты.

Біреуге біреудің көрсеткен көмегінен пайда болмаса, ондай көмекті сіз қалай деп айттар едініз? «Шала көмек», «Жарытымсыз көмек», «Ауыз жарымас жәрдем», т. б. түрде айтуға да болатын сияқты. Хош. Ал Абай ағаң атымен басқа балама тауыпты: «Аш көмек». Бұ да өзіне дейін бола қоймаган сөз саптас шығар. «Кедейі – ер, кеселі зор, малды байдан сорлы жоқ. Аш көмектін, жемдемектің. Босқа әлектің орны жоқ». Жарықтық Абайға жанасып кетсең, жаңалыққа жолығасың.

Тіл өнерінің тылсымды тұңғиықтығына тап болғанда, соны қияндарға беттегенде, ақындық сырлары хақында пікір таластырып, әділ қазыға жүгінгенде, өзгені былай қойып құнделікті тірліктің күйбендерінен бір сәткे дем алғың келгенде, көнілінді көлеңкелер көміп кеткен соң, жанындағы ақ самалға желпінгің келгенде... Абай томын колға алатының ақиқат.

Тірлігімнің мағыналы-мәнділігіне күэ – рухани ләззаттың бірі болғандығынан да Абай жырлары мені сусынданға шөліркетеді, құмарттыра түседі.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өппіес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақышдары	19
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда	46
Кирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы	109
Сахариев Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті	154
Қожакеев Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы	211
Дербісалин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
III том
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8757

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.